

# МӘДЕНИЕТТАНУ

*А. Р. Масалимова, Қ. М. Борбасова*

## ЖАСТАРДЫҢ БОЙЫНДА РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ДІННІҢ РӨЛІ

Дін туралы қазір өте көп жазылады. Дін мәселесі күрделілігіне қарамай діндарлар мен дінтанушыларды қойып, жалпы жұртты «қызықтыратын» тақырыпқа айналған. Себебі дін қоғам деп аталатын алып организмнің жанын рухтандыратын, мінез-құлқын түзеп, адами жауапкершілігін арттыратын рухани азықтардың бірі ретінде қызмет көрсетеді. Қазіргі қоғамдық қатынастардағы түрлі идеялар мен дүниетанымдық бағыттар ұсынылып жатқан кезеңде әр адамның алдында өзінің бағытын анықтау міндеті тұр. Жалпы қоғамдағы діннің орнына (әсіресе исламның рөліне) байланысты келіспеушіліктер, дәстүрден тыс діни ағымдардың қызметіне байланысты халық пен мемлекеттің ортақ позициясының болмауы әлі де шешілмеген мәселелердің көп екендігін дәлелдейді. «Қазақстандағы қандай да болмасын діни бірлестіктердің қызмет етуінің нормативтік-құқықтық негізі белгілі дәрежеде әзірленгендігіне қарамастан діннің мәртебесі, оның қоғам өміріндегі шынайы жағдайы мен рөлі, яғни діннің қоғамның әлеуметтік-саяси, рухани салаларына тигізер әсерінің мәртебесі, кеңістігі және шекаралары қазірге дейін анықталмаған. Осы еліміздегі белгісіздік, әсіресе оның теріс салдары еліміздегі қазіргі діни жағдайда орын алған жаңа тенденцияларға байланысты анық та айқын аңғарылуда. Бұл, әрине, әсіресе дін мен діни сананың күдік туғызатын діни-рухани

нормалары мен догмаларына негізделген жаңа діни ағымдар мен бағыттардың пайда болуына байланысты» [1].

Өз заманымыздағы діни болмысымыздың тарихи негіздерін ұғынып, теориялық және тәжірибелік мақсаттарын зерделеп пайымдау келешек алдындағы жауапкершілікті сезіну. Өйткені, көптеген жылдар бойы діни дәстүрдің, діни болмыстың мәнін танытудың, зерттеулердің жалпы бағдарламасы болмады. Бәрінен бұрын халықтың шындық тұрмысын, ойын, имандылығын, дінін – жалпы алғанда рухани ізденістерін түсіндіру мәселесі зардап шекті. Халықтың әлеуметтік жағдай мәселелерінің шырмауынан шықпауы, қоғамдағы әр адамның рухани мәдениетінің тоқырауына, шығармашылық белсенділігінің төмендеуіне, білім деңгейінің шеңберінің шектеулігіне әкеп соқты. Сондықтан да еліміздегі бұл жағдайды дұрыс жолға қою үшін ең алдымен халықтың білімдік мәртебесін көтеру қажет, халықтың тек діни сауаттылығын көтеруді ғана емес, сонымен бірге халықтың саяси мәдениетін, саяси сана мен өзіндік сананы қалыптастыруды, саяси сауаттылықты да айтып тұрмыз. Мұндай қажеттілік бірінші кезекте қазіргі өркениеттің ең үлкен қауіптерінің бірі – діни экстремизмге байланысты түсіндіріледі. Діни экстремизм діни білім мен тәжірибенің жоқтығының, саясат пен діннің араласуының тікелей салдары.

Діни экстремизм, кейбіреулерінің дәл тауып айтуынша, іс жүзінде саяси экстремизм, яғни дінді агрессияны ақтап шығару үшін пайдаланады. Бұған жол бермеу үшін тең дәрежеде діни сауаттылық, саяси мәдениет пен саяси сананы қалыптастыру, жалпы алғанда, мәдениет пен білімдік деңгейін көтеру қажет.

Кез келген діни конфессия – ислам, христиан, буддизм т.б. болсын құрметтеуге, тағылым алуға тұратын ілімдер жүйесі. Мысалы, Иса пайғамбар өз мойнына барлық адамдардың күнәсін артып, өзін құрбандыққа шалған. Сондықтан христиандықтарда кішіпейілділік, мейірімділік, басқаның мүддесіне ыждаһаттық басым. Исламдағы Алла Тағала жеті қат аспанның арғы жағында деген түсінік мұсылмандарды білімге, өзін-өзі жетілдіруге талпындырған. Олар Алланы тану арқылы, табиғат тылсымдарына үнілген, қисындық жүйені таңғажайып дүниені дамытқан. Ал буддизм ілімі болса адамдарға тәндік тілектер мен рахатқа шектеу қойып, рухани жетілудің жолдарын ұсынады.

Барлық дәстүрлі қоғамдарда дүниеге көзқарасты қалыптастыруда дін үлкен рөл атқарады. Дін феномені адамның болмысында бар. Сондықтан да адам қоғамы ешқашан дінсіз болмаған. Өйткені қоғамды нақты шындыққа айналдыру құндылықтар жүйесінің қалыптасуына қатысты, әрі сол құндылықтарды жүйелендіру мен нақтыландыру қызметі дінмен тығыз байланысты. Дәстүрлі діндердегі Бір Жаратушыға деген сенім қоғамның барлық мүшелерінің: интеллигенцияны, қызметкерлерді, жай жұмысшы контингенттерін біріктіреді. Олар Қазақстан Президенті Н.А. Назарбаев жүргізіп отырған діни бірлік пен рухани тұтастық саясатын қолдайды. Соның арқасында көп ұлтты Қазақстан қоғамында әр түрлі діни қауымдастықтардың арасында бірлік пен татулықтың орын алуына мүмкіншіліктер жасалуда. Бұл ұстанған бағыт елдің шаруашылығын және рухани сфераларын жөндеуге, дағдарыстан шығуға көмектесері сөзсіз. «Дін қоғамды құлдыраудан сақтайтын бірден бір құрал. Егер де барлық адамдардың құрметіне бөленген Қасиетті заң болмаса қоғам құлдырайды» [2]. Сондықтан мемлекет діни қауымдастықтар арасындағы өзара байланысты және олардың қоғамның рухани өмірімен пайдалы байланысқа түсуін қамтамасыз етуі керек. Сонымен қоса Қазақстандағы барлық діни ұйымдардың мақсат мүдделерін қорғай отырып, оларға бақылау жасап, қоғамға пайдалы қызметтеріне мүмкіндік беретін шаралар жүйесі жасалып және тәжірбиеге асырылып отырғаны дұрыс. Сонда ғана діни қатынастар орнықты болып, діни қауымдастықтар татулығы сақталады.

Өкінішке орай қазіргі жаһандану кезінде біздің қоғамда діни идеялар өзінің негізгі қолданысына арналмай, керісінше саяси-әлеуметтік қақтығыстардың себебіне айналғанына келтіретін фактылар өте көп. «Тұтынушы қоғам философиясының діни дүниетанымға қарсы күрес процесі орын алуда. Бұл күрестің көрінісі әр түрлі, секуляризациядан басталып, профанациямен аяқталады» [3]. Діни бастамалар мен құндылықтар тұтынушы қоғамның құндылығымен алмастырылып, адамдардың рухани кедейленуі орын алуда. Қоғамымызда байлықты, жақсы тұрмысты, билікті, жетістікті адамгершіліктен жоғары қоятын, жастарды соған қарай тәрбиелеуді көздейтін көзқарастар көбеюде. Адамдар бір-бірінен жақындықты іздегенді қойып, тек қажеттілік үшін араласуға мәжбүр болуда. Осыдан келіп, қоғамдық өмірде адамдар технологиялық жақтан неғұрлым ақылды, күшті болған сайын, соғұрлым өзімшіл және қатал болып барады. Бұл жағдайды қалай өзгертуге болады? Болашақ жастарды не күтіп тұр? Жастарға біз қандай жол ұсынамыз? Сұрақтар да көп, болжамдар мен ұсыныстар да аз емес. Солардың ішінде Қазақстан қоғамына, әсіресе жастарға қажетті деп, көпшілік мақұлдаған бұл ислам ілімі.

Біздің көп ұлтты және көпконфессионалды еліміздің ислам іліміне бет бұруы тек теориялық қызығушылық емес, практикалық қажеттілік екені мойындалып отыр. Ислам Қазақстанның жергілікті қазақ халқы мен басқа да түрік тілдес халықтардың рухани, тарихи және мәдени мұраларының бір бөлігіне айналды. Қазіргі жағдайда ислам туралы, оның құндылықтары туралы әр түрлі жалған көзқарастардың болуы қоғамдық санада, әсіресе жастардың санасында түсінбеушілік (кейде белсенді қарсылық) тудырады. Сондықтан ислам тарихы мен мәдениеті, мұсылмандық діни, философиялық, құқықтық ойлардың жетістіктері туралы, мұсылман халықтарының өмір сүру образы, дәстүрлері мен рухани құндылықтары туралы, мұсылман мемлекеттерінің ішкі және сыртқы саясаттарындағы бағыттары туралы хабардар ғана болып қоймай, олармен тереңірек танысу қажет.

Ислам қазақ тарихында үнемі өркендеуші рөл атқарған. Ислам дінінің қазақ елі үшін жеке адам мен қоғамды түзететін, әлеуметтік бақытқа, шынайы бостандыққа және бірліктатулыққа жеткізетін құрал, ізгі жол болатындығын қазақ ойшылдарының барлығы мойындады десек қателеспейміз.

«Абайды мұқият қарап отырсақ, ол ислам дініне реформа жасау жағында болған. Оның дінге, мұсылманшылыққа көзқарасының негізінде адамшылық принциптері жатыр. Абайдың

айтуынша адам дінге емес, дін адамға қызмет етуі керек» [4]. Кейбір зерттеуші – ғалымдардың пікірінше, ежелден көшпенділер басқа халықтардан рухани – психологиялық жағынан артығырақ болды. Себебі олар, негізінен, батыр, ер мінезді, жігерлі, сол сияқты, еркін ойлап – сөйлейтін, ар-намысын ақшаға сатпайтын асыл текті адамдардан құралды. Осындай табиғи қасиеттерге ислам руханияты келіп қосылғанда нұр үстіне нұр болып, тамаша нәтиже туды. Қазақ халқы исламды соқыр сеніммен емес, ақыл-ой елегінен өткізіп, жан-жүрегімен қабылдап, оны даналық, сопылық үлгісінде ұстанған. Ата-бабаларымыз діни көзқарасы терең, діни мәдениеті өте жоғары ұлттардың қатарынан болғандығы енді ашылып жатыр. Ислам туралы жастарда объективті білімнің болуы оларда «исламдық» экстремизм немесе фундаментализм деген ұғымдарға өзіндік көзқарастарының қалыптасуына мүмкіншілік тудырады. Әсіресе жастардың рухани өмірінде ислам діни тағылымдарының ролін күшейту керек. Абай өз кезінде «Құдайға деген махаббат - бұл рухани күштің тууы. Құдайға деген махаббат арқылы адам сенімді түрде, қайтпас гуманист болады» [5] - деп айтқан. Қай кезең болса да рухани байлық әр халықты сақтап қалатын және өмір сүру хұқын дәлелдейтін қайнар бұлақ болған. Сондықтан да ислам діни тағылымдарындағы жастарды ізгілік пен адалдыққа, еңбекқорлыққа, рухани тазалыққа, имандылыққа ұмтылдыратын қағидалары мен хадистеріне ерекше көңіл болу керек. Себебі діни тағылым - ең әуелі діни тазарудың кілті.

Исламдағы негізгі постулаттардың бірі білім алу болып табылады. Мұхаммед пайғамбардың хадистерінің өзінен білімнің қоғам мен жастар өміріндегі маңызы туралы көп ой айтылған. Исламның ғылым саласындағы және рухани тәрбие саласындағы жетістіктері туралы қазіргі мұсылмандықты дәріптеуші ойшылдар (Саййид Муджтаба Рукни Мусави Лари, Осман Нұри Топбаш, Сайид Мухаммад Хатами, Фетхуллах Гулен және т.б.) көп жазады. Әсіресе жастарды адамгершілікке тәрбиелеуде ислам ілімінің қағидаларына сүйенуді ұсынады. Жастардың бойында мейірімділік, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсету үлгісін қалыптастыру мұсылмандықтың шарты болса, Отан сүйгіштік (патриотизм), қоғамдық жауапкершілікті сезіну, басқаның сезімі мен сенімін сыйлау барлығы имандылықтың белгісі болып табылады.

Ислам нәсілшілдік, әсіресе, ұлтшылдық және кемсітушілікті қабылдамайды. Ислам адамдарды нәсілі мен ұлты, атақ-дәрежесі мен шығу тегіне қарап емес, адамның тақуалығы мен көркем мінезі, рухани кемелдігі және адамшылығына қарап таразылайды. Қарапайым-

дылық және қайырымдылық, жомарттық және таза имандылық ислам дінінің мәні. Ислам негізінде тәлім-тәрбие алған жастар қарым-қатынастарда ізгілік, әдептілік, ұстамдылық, сабырлылық және шыдамдылық танытады.

Қазақтар балаларын білімдар, пысық, еңбекқор, халқына қызмет ететін азамат болсын деп тәрбиелейді. Көркем – мінез, мейірімділік, өтірік айтпау, қонақсүйгіштік, жанашырлық, көмектесу, құрмет сияқты құндылықтарды халқымыз жастардың бойында туа қалыптастырады. Исламның келуімен бұл құндылықтар діни түсінікпен кеңейіп, діни сеніммен беки түскен. Бұдан біз ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиенің негізгі принциптері исламдық діни тәрбиемен үндестік тауып отырғанын көреміз.

Профессор Мынбаев Мурат қажы соңғы он жылдағы еліміздегі жастар отбастарының айрылысулары туралы, соңғы бес жылдағы есірткіге тәуелді жастар мен жезөкше қыз балар санының өскендігі туралы мәліметтерді келтіре отырып, «Бұл мысалдар қоғамның рухани тоқырауының куәсі, егер мемлекеттік деңгейде жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне байланысты кординальды шаралар жасалмаса бұл біздің жақын уақыт арасында тап болатын күрделі әлеуметтік мәселелердің ескертпесі болады» [6]. Аталған мәселелерді шешу үшін мемлекеттік жастар саясаты біртіндеп жастардың әлеуметтік-мәдени қалыптасуы мен дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық мүмкіндіктер жасауды қолға алуда. Әйтсе де көңіл толмайтын жайттар баршылық. Ол жастардың рухани мәдениетіне байланысты мәселелер. Жалпы алғанда рухани тоқыраудың «...нашақорлықтың, араққа салынудың, жезөкшеліктің, жемқорлықтың, эпидемия және басқа аурулардың себебі әлеуметтік жағдай екендігін мойындау керек, әйтсе де, негізгі себеп адамның өзінде, немесе әлемді өзгерту үшін алдымен өзіміз өзгеруіміз керек» [7].

Мұндағы айтылмақ мәселе – қазақ жастарына дін ретінде және өркениет ретінде ислам құндылықтарын ұсыну. Исламның қазақ халқының дүниетанымына, салт-санасына сәйкес келетін өзекті негіздемелерін сараптау. Соған орай қазіргі кезеңдегі жастардың діни санасының ықпалымен адам сапасын жақсартуға үлес қосу. Бұл мемлекеттің ұлттық идеологиясын көздейтін адамгершілік мұраттарымен өте тығыз сабақтасады. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Сауд Арабиясына барған сапарында: «Ислам киелі орындарын барып көру менің осы заманғы процестерде діннің алатын орны мен қызметі жайындағы көзқарасымды өзгертуге мәжбүр етті» деп

айтуының өзін елбасының исламның өркеніеттік орасан зор мүмкіншілігін және исламдық принциптердің елдің әлеуметтік-мәдени дамуында үлкен рөл атқаратындығын мойындауы деп түсінеміз.

Қазіргі таңда жастардың дінді ұстануын ескерсек, олардың дүниетанымында дінаралық сыйластық, яғни, өзге діндерге құрметпен қарау, дінді ұстанбайтын азаматтарды түсіне білу және ұлтаралық келісім мәдениетін қалыптастыру өзекті мәселеге айналып отыр.

1. Байтенова Н.Ж. Қазақстан Президентінің «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты жолдауындағы Қазақстандағы конфессияаралық келісім мәселесі. // «Өркеніеттер сұхбатын» дамытуда Қазақстан мәдениетаралық және конфессияаралық келісімнің әлемдік орталығы ретінде. Халықаралық ғылыми практикалық конференцияның материалдары. 31 мамыр 2007 жыл. Алматы 2007.- 4 б.

2 М. Махфуз. Діннің қоғамдағы орны // «Аль-Фараби – Абай: проблема премственности» Материалы международной научной конференции. Алматы, Дом Дружбы, 9-10 ноября 2007г. Алматы «Қазақ университеті» 2007.

3. Борецкий О. М. Столкновение цивилизаций с обществом потребления // Казахстан как мировой центр межкультурного и межконфессионального согласия в развитии «диалога цивилизаций». Материалы Международной научно-практической конференции 31 мая 2007 г. Алматы 2007.

4. Фарифолла Есім. Сана болмысы (Саясат пен мәдениет туралы ойлар). Екінші кітап. Алматы: Ғылым, 1996 -61б.

5. Рысбекова Ш.С., Борбасова К.М. Религиозный смысл бытия человека // «Аль-Фараби – Абай: проблема премственности» Материалы международной научной конференции. Алматы, Дом Дружбы, 9-10 ноября 2007г. Алматы «Қазақ университеті» 2007.

6. Мынбаев Мурат кажы. Роль молодежи в формировании межконфессионального согласия в Республике Казахстан. // Материалы информационно-пропагандистской работы по пропаганде Послания Президента РК Н.А. Назарбаева «Новый Казахстан в новом мире», профилактика религиозного экстремизма и укреплению межконфессионального и межнационального согласия, проведенного в Восточно-Казахстанской области. Астана., 2007 г.

7. Бұл да сонда.

\*\*\*

Статья посвящена к проблеме роли религии в жизни молодежи.

**Б.Г. Нуржанов**

## ОКУЛОЦЕНТРИЗМ ЗАПАДНОЙ КУЛЬТУРЫ И ФИЛОСОФИЯ

Постмодернизм, расширяя понятие модернизма (модернити) до «исторического типа культуры или общества» (тип современной культуры), а его временные рамки от настоящего времени до эпохи Возрождения, вводит парадигму зрения, визуальности в качестве важнейшей характеристики этого типа культуры. Проблематика визуальности, визуализации культурных форм, анализ оптического лексикона, метафор и образов западной культуры становятся одной из важных тем постмодернистской культурологии. В этом смысле западная культура, начиная с древней Греции и до настоящего времени определяется здесь как «окулоцентризм» (ocularcentrism). Рефлексия о роли зрения как культурного фактора в развитии и перипетиях западной культуры в постмодернизме варьируется от констатации фундаментальности и глубокого анализа окулоцентризма до его тотальной критики как фактора, приведшего Запад к глубокому кризису и краху. Бодриар считает, что современная культура (термин «постмодернизм» он не употребляет), гиперреальная или симулятивная культура, это культура тотального господства взгляда,

доступности всего взгляду, созерцанию, культура обнажения и раскрытия самых скрытых, интимных вещей. В этом он видит суть порнографии – в доступности мира зрительному созерцанию на экране телевизора, в упразднении дистанции, отделявшей ранее зрителя от объекта, в ликвидации сценического пространства, предохранявшего объекты от «голового видения», глазения. Современная (постсовременная) культура порнографична, обценна, обес-сценена; это культура превосходства визуальных форм – кино, телевидения, видео, компьютера.

Есть большой соблазн выстроить бинарную оппозицию «модернизм/постмодернизм» как оппозицию слушания/зрения (или говорения/зрения, чтения/зрения, языка/глаза), но все гораздо сложнее. С одной стороны, уже целый ряд «модернистов» (Ницше, Бергсон, Беньямин, Хайдеггер) выступают с резкой критикой окулоцентризма и глубоко рефлексиируют над феноменом визуальности; с другой – именно модернизм с момента своего возникновения (с эпохи Возрождения) выдвигает программу упорядочения видимого как главную стратегию